

Бекітілді:

«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беруші
акцияларын иеленуші Жалғыз
акционердің 18 қараша 2021 ж.
№ 14/21 шешімімен

Мақұлданды:

«ҮМЗ» АҚ директорлар кеңесінің
24 тамыз 2021 ж. № 11 шешімімен

«ҮМЗ» АҚ Басқармасының
14 мамыр 2021 ж. № 19/1266 шешімімен

**«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ**

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылуы	3
2. Әрекет ету саласы	3
3. Терминдер мен анықтамалар	3
4. Жалпы ережелер	4
5. Мақсаты және негізгі принциптері	4
6. Дивиденттердің мөлшерін анықтау және есептеу тәртібі	5
7. Дивидент төлеу процедурасы	7
8. Қорытынды ережелер	8

1. Қолданылуы

1.1.«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам») Дивидендтік саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібі қоғам органдарының тиісті шешімдерімен де регламенттеледі. Егер Қоғам акционерлеріне дивидендтер төлеуге байланысты қандай да бір мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен, Қоғам Жарғысымен және қоғамның осы дивидендтік саясатымен реттелмеген болса, олар акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігін негізге ала отырып шешілуі тиіс.

1.2.Қоғамның Дивидендтік саясаты (бұдан әрі-Саясат) дивидендтердің мөлшерін айқындау және оларды төлеу механизмін реттейді. Саясат акционерлермен қоғамның өздеріне тиесілі акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері бойынша өзара қарым-қатынас негіздерін белгілейді.

1.3.Өзара қарым-қатынас негіздері Қоғамның таза кірісін (пайдасын) бөлу және қайта инвестициялау ескеріле отырып әзірленеді.

2. Әрекет ету саласы

2.1. Осы Саясат акционерлердің мүдделерін қамтамасыз ету және қоғамды капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету мақсатында дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібін және оларды төлеу тәртібін регламенттейтін қоғамның ішкі құжаты болып табылады.

2.2. Саясат оны жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және осы сәттен бастап 27.09.2011ж. № 296 «ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) бекіткен «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының дивидендтік саясатының күші жойылды деп есептелетін болады.

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. **акционер** - Қоғам акциясының меншік иесі болып табылатын тұлға;

3.2. **акция** - қоғам шығаратын және қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқықтарын, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 13.05.2003ж. № 415-II Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

3.3. **дивидендтер** - акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін, аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке/қоғамның есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелеріне немесе алдыңғы есепті кезеңдердегі жинақтауларға сәйкес кірісі;

3.4. **дивидендтің кепілдік берілген мөлшері** - қоғамның жарғысында белгіленген алдын ала айқындалған кепілдік берілген мөлшерде артықшылықты акциялар бойынша дивиденд;

3.5 *негізгі дивидендтер* - қоғамның есепті кезеңдегі таза кіріс (пайда) есебінен төлейтін дивидендтері;

3.6. *қосымша дивидендтер* - өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы есебінен қоғам төлейтін дивидендтер;

3.7. *Орталық депозитарий* - «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 2-1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам.

Орталық депозитарий уәкілетті органның лицензиясынсыз бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

- 1) депозитарлық қызмет;
- 2) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырады;
- 3) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет;
- 4) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асырады.

Орталық депозитарий депозитарлық қызметті және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз ұйым болып табылады.

4. Жалпы ережелер

4.1. Саясат есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша Қоғамның немесе оның бір бөлігінің таза табысын (пайдасын) бөлу және Қоғамның жарғылық капиталдарындағы акциялар пакетіне немесе қатысу үлесіне дивидендтер төлеу процесін регламенттейді.

4.2. Өзара қарым-қатынас негіздері Қоғамның таза кірісін (пайдасын) немесе оның бір бөлігін бөлу және қайта инвестициялау ескеріле отырып, Қоғам қызметінің нәтижелері бойынша Қоғам органдарының ұсыныстары және қоғамның есепті кезеңдегі бекітілген аудиттелген (егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілсе) қаржылық есептіліктері ескеріле отырып, бекітілген бизнес-жоспарларға сәйкес әзірленеді.

4.3. Осы Саясат ҚР заңнамасына, қоғамның жарғысына, қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

4.4. Акционерлер сондай-ақ Қоғамның таза кірісін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен, нысандармен, кезеңдермен бөлу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4.5. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

5. Мақсаты және негізгі принциптері

5.1. Саясаттың мақсаты акционерлер мен қоғам мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін және оларды төлеу тәртібін айқындау кезіндегі тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

5.2. Қоғам дивидендтер төлеуді және қоғамды капиталдандырудың өсуін акционерлердің қоғамның акциялары бойынша кіріс алу жөніндегі мүліктік мүдделерін қанағаттандыру үшін қажетті негізгі міндеттер ретінде қарастырады.

5.3. Саясаттың негізгі принциптері:

- 1) акционердің Қоғам қызметінен кіріс алу құқығын қамтамасыз ету;
- 2) Қоғамның бос ақша қаражатын уақтылы бөлуін қамтамасыз ету;
- 3) Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешіміне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген кезеңде қоғамның белгіленген акциялар пакетіне дивидендтер төлеуін қамтамасыз ету;
- 4) қызметтің жаңа түрлерін және қоғам қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды, сондай-ақ инвестициялар жоспарына сәйкес дамуға арналған шығыстарды қоса алғанда, Қоғам қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету болып табылады.

5.4. Төленетін дивидендтердің мөлшері Қоғамның қаржы-экономикалық жай-күйіне және қызметінің тұрақтылығына қарай айқындалады;

5.5. Дивидендтер қоғамның аудиторлық ұйым (тәуелсіз аудитор) растаған қаржылық есептілігіне сәйкес келетін мөлшерде есепті кезеңнің нәтижелері бойынша алынған Қоғамның таза кірісінен төленеді.

5.6. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдаған жағдайда, ақшамен жылына бір рет төленеді. Қоғамның бағалы қағаздарымен артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

5.7. Келесі акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді:

- орналастырылмаған акцияларға;
- қоғамның өзі сатып алған болса;
- сот немесе жалғыз акционер қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда.

5.8. Қаралып отырған есепті кезең үшін Қоғамның таза кірісі болмаған кезде қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жүргізілмейді.

5.9. Қаралып отырған есепті кезеңде таза кіріс болмаған жағдайда Қоғам артықшылықты акциялардың меншік иелеріне - акционерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен алдын ала айқындалған кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға тиіс.

5.10. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

- меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

- егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не көрсетілген белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

5.11. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталған күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

5.12. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі тізім жасалған күнге қоғам акцияларының меншік иелері болып табылатын клиенттер, номиналды ұстаушылар және сенімгерлік басқарушылар туралы ақпаратты ашып көрсете отырып, Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде бар тіркелген тұлғалар туралы ақпаратты қамтиды.

6. Дивиденттердің мөлшерін анықтау және есептеу тәртібі

6.1 Қоғамның Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) бизнестің рентабельділігі мен қоғамның капитал сыйымдылығына, осы орта мерзімді кезеңде өз қаражатын тарта отырып, инвестициялық қызметті жүзеге асырудың қажеттілік дәрежесіне қарай негізгі және қосымша дивидендтерді айқындау бойынша сараланған тәсілді жүзеге асыра алады.

6.2 Алдағы жылы дивидендтер төлеуге жіберілетін таза табыс үлесі пайдаланылған таза табыстың мөлшері айқындалғаннан кейін Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы), атап айтқанда, қоғамның қызметіне байланысты келесі мақсаттарға белгілейді:

- өндіріс процесін дамытуға және жетілдіруге;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына;

-Ноу-Хау технологияларын және өнімдер мен жабдықтардың анағұрлым нәтижелі және тиімді түрлерін дайындауға және игеруге.

6.3 Дивидендтердің мөлшерін есептеу дивидендтерге түзетілген таза кірістің (пайданың) мөлшері негізге алына отырып жүргізіледі.:

1) есепті кезеңдегі пайда мен шығындар туралы есепте және басқа да жиынтық кіріс/қаржылық кірістер мен шығыстар құрамында көрсетілген бағамдық айырмалар бойынша таза пайда (залал) ;

2) есепті кезеңдегі пайда мен шығындар туралы есепте және өзге де жиынтық кіріс/өзге де кірістер мен шығыстар құрамында көрсетілген активтердің құнсыздануынан болған таза залал (құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру);

3) Қоғамның Директорлар кеңесі пайда есебінен іске асыруға қараған және мақұлдаған және есепті кезең ішінде жүзеге асырылған Қоғамның инвестициялық жобаларына арналған шығындар;

4)қоғам есепті кезең ішінде жүзеге асырған және қаржылық есептілікте тиісті түрде көрсетілген акционерге/қатысушыға өзге де бөлулер.

Есепті кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшері дивидендтік төлемдердің нысаналы деңгейін ескере отырып есептеледі. Дивидендтік төлемдердің нысаналы деңгейі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ еншілес ұйымдарға қатысты дивидендтік саясатымен белгіленеді және Жалғыз акционердің шешімімен (Акционерлердің жалпы жиналысында)бекітіледі

Жай акциялар бойынша жылдық дивидендтердің сомасы қоғамның есепті кезеңде алған таза табысының шамасынан аспауы тиіс.

6.4 Қосымша дивидендтерді бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі. Қосымша дивидендтерді бөлу кезінде ағымдағы, алдағы

жылы және қоғамның бизнес-жоспарына сәйкес қоғамның жұмыс капиталына стандартты қажеттіліктері ескеріледі.

6.5 Қоғамның таза табысы Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес, ал Қоғамның еншілес, бірлескен қауымдасқан ұйымдары болмаған кезде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес жасалған жылдық жеке қаржылық есептілікке сәйкес айқындалады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйымның қорытындысымен расталуы тиіс.

6.6 Қоғамның Директорлар кеңесі жалғыз акционерге (Акционерлердің жалпы жиналысына) қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшері туралы ұсыныс береді.

6.7 Жалғыз акционерге (Акционерлердің жалпы жиналысына) ұсынылатын Қоғамның акциясына дивидендтің мөлшері келесі факторларға негізделі отырып жинақталады:

- қоғамның стратегиялық және орта мерзімді жоспарлары;
- қоғамның есепті кезеңде алған таза табысының мөлшері;
- қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі бойынша перспективалық деректер;
- есепті кезеңнің соңындағы қоғамның айналым қаражатының құрылымы;
- есепті кезеңнің соңындағы қоғамның борыштық жүктемесі;
- қарыз және меншікті айналым қаражаттарының арақатынасы.

6.8 Қоғамның Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.9 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде келесі мәліметтер болуы тиіс:

- қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- дивидендтер төленетін кезең;
- бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
- дивидендтерді төлеудің басталу күні;
- дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

6.10 Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу қоғам органының шешімін талап етпейді.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы тиіс.

6.11 Дивидендтердің жалпы сомасы есепті кезеңнің нәтижелері бойынша Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша есептелген дивидендтердің мөлшерінен құралады.

6.12 Дивидендтердің мөлшері туралы түпкілікті шешімді Қоғамның қаржы-экономикалық жағдайына байланысты Қоғамның Жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдайды.

6.13 Дивидендтерді төлеу кестесіндегі кез келген өзгерістерді қоғамның тиісті органы бекітеді.

6.14 Дивидендтердің толық және уақтылы төленуіне Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамның жарғысына сәйкес Қоғамның атқарушы органы жауапты болады.

7. Дивидент төлеу процедурасы

7.1. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзім шегінде оларды төлеудің басталу күнін және оларды төлеу тәртібін Қоғам Басқармасы айқындайды. Қоғам артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

7.2. Қоғамның акционері өзгерістер туындаған кезден бастап он жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға міндетті. Егер дивидендтерді төлеу кезеңінде тізілімде акционер бойынша өзекті емес мәліметтер белгіленсе, акционер Орталық депозитарийде қайта тіркеуден өткеннен кейін алынған «Жеке шоттың деректемелерін ауыстыру туралы есепті» Қоғамға ұсынғанға дейін акционерге дивидендтер төленбейді.

7.3. Қоғам артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында мынадай мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті:

- қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- дивидендтер төленетін кезең;
- дивидендтерді төлеудің басталу күнін көрсетіңіз;
- дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;
- қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері.

7.4. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің басталу күнін Қоғамның Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) белгілейді. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

7.5. Қоғам Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген салықтарды шегергенде есептелген дивидендтерді төлеуді жүргізеді.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Егер ҚР заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Саясаттың ережелері оған қайшы келетін болса, бұл ереже күшін жояды және осы саясатқа өзгерістер енгізілген сәтке дейін ҚР заңнамасын басшылыққа алу қажет.

8.2. Қоғамның саясатына өзгерістер мен толықтырулар Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімі бойынша енгізіледі.

Аударған: А.Ә.Әділқанова

